

Қашықтан оқыту технологиясы

Қабылдаған: Синбаева Г.К

Орындаған: Райымқұл З.А

Шалатаев Е.Н

Қашықтықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ – бұл тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-біріне кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Ал, тар мағынадағы қашықтықтан оқу ұғымы тыңдаушылар мен оқытушылар арасындағы, сонымен қатар тыңдаушылардың өзара белсенді ақпаратпен алмасуын қарастыратын және жоғарғы дәрежедегі қазіргі жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланатын белгілі бір тақырыптар, оқу пәндері бойынша ұйымдастырылатын оқу процесі.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі технологиялары бар:

- кейс технологиясы (ағылшынның case - портфель) оқытуда жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады. Тыңдаушылар қажетті оқу құралдарын, курс бойынша басшылық, аудиокасеталар, видеокасеталар, оқытушы компьютерлік бағдарламалар, CD-ROM-дағы материалдар және т.б. қамтыған оқу әдістемелік материалдардың жинағын алады;
- телевизиялық технология тікелей эфирде лекция оқумен өткізіледі;
- мультимедия технологиясы бағдарламаны оқытатын электронды оқулықтар жасайды;
- интернет технологиясы арқылы презентациялар түрінде лекциялар мен сабақтар өткізіледі.

Интернет негізінде қашықтықтан оқыту барысында оқытушылар мен тыңдаушылар бір-бірімен әртүрлі телекоммуникациялық құралдар көмегімен әрекет етеді. Электронды пошта оларға курстың негізгі мәселелері бойынша конфиденциалды хат жазысуға мүмкіндік береді. Электронды пошта арқылы ақпаратты жоғары жылдамдықпен жіберу мүмкіндігінің арқасында тыңдаушыға көмек дер кезінде, сұранысты алғаннан соң бірден көрсетіледі. Интернет көмегімен тыңдаушылар мен кері байланыс орнатып қана қоймай, олардың оқу қызметін бақылауға, бағалауға болады.



Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады:

- *туындайтын мәселелерді қарастыру;*
- *мақсат пен міндеттерді қою;*
- *білім, тәжірибелерді беру;*
- *ұйымдастыру қызметі;*
- *білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру;*
- *оқу процесін бақылау.*



Қашықтықтан оқыту ерекшеліктерін талдай отырып, бұл оқытудың бес түрін көрсетуге болады.

1. *«Мектеп-Интернет»*. Оқушы мектепте жұмыс істейді, мұғалімдермен бірлесе отырып қажетті материалдарды тауып, оны талдайды.

2. *«Мектеп-Интернет-Мектеп»*. Қашықтықтан оқытудың бұл түрі бірнеше мектеп оқушылары мен мұғалімдерін қамтиды. Оқыту білім беру жобалары бойынша жүзеге асады. Жобалармен жұмыс істеу нәтижесінде арнайы зерттеу тақырыптары да бөлініп шығады. Білім беру нәтижелі бола түседі, себебі оқытудың бұл түрінде оқушылардың шығармашылығы қажет болады. Бұл оқыту түрінде электрондық пошта жеткілікті.

3. *«Оқушы –Интернет-Мұғалім»*. Оқушы мектепте білім алады, бірақ өз мұғалімдерімен қатар қашықтықтан оқыту оқытушысы да болады. Сабақ электрондық пошта, чат, веб-ресурстар көмегімен өткізіледі. Сабақ формасы: қашықтық курсы, семинар, консультация. Оқытудың нәтижелілігі оқытушы бағыты мен бағдарламаға байланысты.

Қашықтықтан оқыту оқушыдан жоғары мотивация мен танымдық біліктілікті талап етеді. Сонымен қатар тәртіптілік, мәселені шешуге бағыттылық, өзіндік қабілеттерін телебайланыста көрсете алуын талап етеді. Қашықтықтан оқытуда сабақтар синхронды және асинхронды болады. Синхронды – бір мезгілде бағдарламаны оқыту, асинхронды – оқушының бағдарламаны әр түрлі уақытта, бос уақыттарында, т.б. оқуы. Мұндай мүмкіндіктер оқушылардың танымдық іс-әрекетіндегі қызметін жетілдіруде өте маңызды.

Қашықтықтан оқытуда сабақтар элементтері мыналар: оқу материалы, диагностикалық материал, көрнекілік құралдар қою, педагогтің түсіндіруі, пікірталас, тұжырым айту бағалау.

Электронды оқыту деген не ?



E-learning -

(Electronic Learning қысқартылған) — электрондық оқыту жүйесі, электрондық оқыту, қашықтықтан оқыту, компьютердің мүмкіндіктерін қолдана отырып оқыту, желілік оқыту, виртуалды оқыту, ақпараттық және электрондық технологиялардың көмегімен оқыту терминдерінің синонимі

Қашықтық педагог пен оқушы электрондық пошта арқылы тест, бақылау тапсырмалары, бағалау парақтарымен алмаса алады, үй тапсырмаларын береді және оның орындалуын қадағалайды. Телебайланыс уақытында слайдтар, сурет, сызбалар, т.б. көрсетеді. Сондай-ақ оқушылар көрнекі материалдарын бір-бірімен алмастыра алады. Оқушы өз жұмыстарын мұғалімдер мен басқа оқушыларға ұсынады. Бұл үрдісті педагог басқарып отырады, электрондық конференция түрінде, сондай-ақ ICQ чат немесе видеоконференция арқылы сұрақтар береді, ол бір оқушыға, сондай-ақ барлық топқа бірден сұрақ қоя алады. Оқытушы тақырып бойынша пікірталасты бастап, оқу міндеттеріне сәйкес түрлі телеконференциялар арқылы пікірталасты басқарып отырады. Пікірталас веб-формула, e-mail – конференция, чат пікірталас түрінде өтуі мүмкін. Оқушы жеке не электрондық хат арқылы сұрақтар қоя алады, басқа оқушымен байланысқа түсіп, сұрақтар бере алады. Оқытушы үрдісті реттеп, өзінің түсіндірмелерін енгізе алады.

Электрондық оқулықтың тиімділігі:

- қашықтықтан оқытудағы өз мүмкіндіктерін жетілдіріп, барлық білім алатын үйренушілерге ұсынылуда;

- мұғалімнің ғылыми-әдістемелік мүмкіндігін дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді;

- сынақтарға және әр пәннен өтетін емтихандарға дайындалуға көмектеседі;

- пайдалану ыңғайлы және өзін-өзі тексеру жүйесі бар



Оқушылар үшін электрондық оқулық – мектепте оқыған жылдардың барлығында да өздері толықтырып алатын және нәтижелік емтиханға дайындауға көмектесетін мәліметтер қоры болып келетін керекті, күрделі де көпсатылы жүйе.

Сонымен қорыта келгенде, қашықтықтан оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – жеке адамды интеллектуалды дамыту, ақпаратпен жұмыс жасай білуге үйрету және оның ерекшелігі ол өзіндік оқыту жүйесіне жатады. Қашықтықтан оқыту адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Н.Қ.Наурызова. Қашықтан оқытудың құралы-электрондық оқулық. «Начальная школа» журналы.№7. 2007.
- 2.Развитие дистанционного образования в мире. В журнале Дистанционное образование. №2. 1997.
- 3.Г.Урбисинова, Б.Халыева. Қашықтан оқыту жүйесіндегі педагогикалық технология. «Информатика негіздері» журналы. №3. 2007.
4. К. Өстеміров. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. 2007